

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова,
С. Әжіғали, Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

ГЛАВЛИТ НҰСҚАУЛАРЫ – КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЦЕНЗУРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ

Рустем К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторы.

rustemlw@hotmail.com

Сарыбаев М.

КазАТИСО, PhD

Аңдатпа. Мақалада Кеңестік қоғамда орнығып, баспа өнімдеріне саяси-идеологиялық бақылау жүргізген кеңестік цензура органы – Главлиттің қызметі және оның шығарған нұсқаулықтарының қоғамдық бақылау жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеуде Главлиттің баспа ісіне, бұқаралық ақпарат құралдарына және ғылыми еңбектерге жүргізген цензуралық бақылауының негізгі бағыттары мен тетіктері тарихи деректер негізінде талданады. Сонымен қатар цензуралық нұсқаулардың кеңестік идеологияны қалыптастырудағы, ақпараттық кеңістікті бақылаудағы және қоғамдық пікірді реттеудегі маңызы сараланады. Автор архивтік құжаттар мен нормативтік актілерді салыстыру арқылы Главлит қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ оның мәдени және ғылыми ортаға тигізген ықпалын айқындайды.

Түйін сөздер: Кеңестік қоғам, Главлит, цензура, нұсқау.

ИНСТРУКЦИИ ГЛАВЛИТ – КАК ИСТОЧНИК КОНТРОЛЯ НАД ЦЕНЗУРОЙ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Рустем К.М.

КазНУ им. аль-Фараби, PhD

rustemlw@hotmail.com

Сарыбаев М.С.

КазАТИСО, PhD

rustemlw@hotmail.com

Аннотация. В статье рассматривается деятельность советского цензурного органа Главлит, осуществлявшего политико-идеологический контроль над печатной продукцией в советском обществе, а также роль его инструкций в системе общественного контроля. На основе исторических источников анализируются основные направления и механизмы цензурного надзора Главлита за издательской деятельностью, средствами массовой информации и научными публикациями. Кроме того, исследуется значение цензурных инструкций в формировании советской идеологии, контроле информационного пространства и регулировании общественного мнения. Сопоставляя архивные документы и нормативно-правовые акты, автор раскрывает правовые и организационные основы деятельности Главлита, а также его влияние на культурную и научную среду.

Ключевые слова: советское общество, Главлит, цензура, инструкции.

GLAVLIT GUIDELINES - AS A BASIC SOURCE FOR THE CONTROL OF CENSORSHIP IN THE SOVIET SOCIETY

Rustem K.

Al-Farabi KazNU, PhD

rustemlw@hotmail.com

Sarybayev M.

KazALSR, PhD

Abstract. This article examines the activities of Glavlit, the Soviet censorship authority responsible for political and ideological control over printed publications in Soviet society, and explores the role of its directives within the system of public control. Drawing on historical sources, the study analyzes the principal directions and mechanisms of Glavlit's censorship over publishing, the mass media, and scholarly works. It also investigates the significance of censorship directives in shaping Soviet ideology, controlling the information space, and regulating public opinion. Through a comparative analysis of archival documents and legal regulations, the author identifies the legal and organizational foundations of Glavlit's activities and assesses its impact on the cultural and academic spheres.

Key words: Soviet society, Glavlit, censorship, guidelines.

В статье рассматривается важная роль изданных инструкций советского цензурного органа Главлита в проведении в обществе политико-идеологического контроля над печатными продуктами.

Кеңестік қоғамда билік мүддесінің қалтықсыз жүзеге асуын қадағалаған цензура органы Главлиттің нұсқауларының дерек ретінде берер мағұлматтары өте көп. Себебі, баспа ісіне қадағалау жүргізген Главлит (Әдебиет пен баспа ісі жөніндегі Жоғарғы Басқарма – авт.) атты мекеме – өзі құрылған алғашқы күннен бастап, қатаң тәртіпке бағына отырып, партияның шешімдеріне орай, арнайы бұйрықтармен, циркулярлармен, өкімдермен, нұсқауларды тікелей басшылаққа алып жұмыс жасаған мемлекеттік мекеме болған. Алайда бұл мекеме тек баспа ісін ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы қалыптастыруда әсер ететін мәдениет ошақтары: театр, кино, музыка мен қатар телерадио мен почта саласында да қатаң идеологиялық қадағалау жүргізген.

Цензорлар өз қызметтерінде – мемлекеттік құпия болып саналатын мәліметтер тізімі белгіленген «А» және «Б», «В» сынды литерлермен [1, 2-п.], арнайы циркулярлармен, сонымен қатар мемлекеттік және әскери құпияны сақтауға бағытталған арнайы тізімдермен, сондай-ақ, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде, елде орын алған соғыс жағдайына байланысты осы тізімдерге қосымша енгізілген толықтырулар негізінде – саяси-идеологиялық қадағалауды жүзеге асырып отырған. Бұл құжаттар негізінен партия шешімдеріне орай Главлиттің арнайы нұсқаулары негізінде жүргізілген.

Главлит бекіткен мұндай нұсқау алғаш рет «Өте құпия» белгісімен – 1925 жылы жарияланған «КСРО-ның саяси-экономикалық мүддесін сақтау мақсатында және әскери құпия болып табылатын ақпараттардың тізімі» болып табылады. Алғашқы текст 16 беттен, 96-баптан тұрған. Аталған тізімнен бөлек тиым салынған тақырыптар атауы көрсетілген циркулярлар шығарылып отырған. Ал КСРО-ның «өмір сүруінің» соңғы жылдарында цензорлар жұмыс істеген құжаттардың саны 213 бапқа жетіп, олардың әрбіреуі 5-6, тіптен, 12 бапты құраған [2].

1926 жылдың 24 сәуірінде Халық комиссарлар кеңесі «Мазмұны жағынан мемлекеттік құпия болып саналатын ақпараттарды арнайы қорғау тізіміне сай, бүкіл ақпараттарды үш топқа бөліп қарастырған: әскери сипаттағы, экономикалық сипаттағы және басқа сипаттағы. Және құпиялықтың үш санаты белгіленген: «өте құпия», «құпия», «жариялауға тыйым салынған». Ал 1926 жылдың маусымында Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма жанындағы арнайы бөлім «Өте құпия, құпия және жариялауға тыйым салынған мәселелер жөніндегі тізімді» басып шығарған. Бұл тізімнің мазмұны Халық Комиссарлар Кеңесінің 24-сәуірдегі тізімін жете толықтырып, құпия ақпараттарды: әскери сипатта, қаржы-экономикалық сипатта, саяси (оның ішінде партиялық та) және жалпы сипатта [3], – деп 4-ке бөліп қарастырады. Сондай-ақ әскери, экономикалық және т.б. сипаттағы ақпараттар түрі қоғамда орын алып отырған өзгерістерге орай арнайы мемлекеттік құпия болып табылатын тізімдер қатарына қосылып немесе алынып отырған [4]. Сонымен бірге, «КСР мүддесіне орай саяси және экономикалық (ішкі және сыртқы) және мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі тізімдерді» уақыт талабына сай жаңартып, толықтырып отыруда: Главлит, Ішкі істер халық комиссариаты, Жұмысшы-шаруа қызыл әскерінің Бас Штабы, Мемлекеттік жоспарлау мекемелерінің өкілдерінен құрылған комиссия жүргізіп, оны КСРО ХКК бекітетін болған [3, 94-п.]. Алайда 30-жылдардың ортасына дейін, жоғарыда аталған тізімді жасау ісі тікелей Главлиттің міндеті болған [5]. Сонымен қатар цензор қарауынан өткен кез-келген баспа өнімі, тіптен, Главлит басшыларының нұсқаулары, бұйрықтары, т.б. құжаттарына да, олардың маңызын көрсететін арнайы мөр белгілері қойылып отырған [6-7].

Негізінен кеңестік кезеңде «өте құпия», «құпия» деген құпиялық белгілерімен қатар, «қызметтік қолданысқа арналған» деген тағы бір құпиялық белгісі болған. Бұл белгімен шығарылған барлық баспа өнімдерінің құпиялығы «жариялауға тыйым салынған» деген белгімен тең болған еді. Мұндай баспа өнімдері арнайы құпия мәліметтерді басатын баспаханаларда басылып, олар цензура мекемелерінің қадағалауынан босатылған [8].

Осындай арнайы белгілермен белгіленген бұйрықтар мен нұсқаулар Орталық Главлиттен Қазглавлитке, ал Қазглавиттен аймақтық Обллиттер мен Райлиттерге жіберіліп, нәтижесінде «ЛИТО-лар» алдын-ала және кейіннен жүзеге асырылатын қадағалау арқылы мемлекеттік идеологияға «кері әсер» ететін ой-пікірлерден қоғамды «тазарту ісін» атқарғанынан байқаймыз.

Өйткені Главлиттің басты міндеттеріне: антикеңестік идеологиямен күрес, кітап рыногын және оның бағыт-бағдарын қадағалайтын барлық цензуралық органдарды бір мекеменің астына топтастырумен қатар, негізгі қызметінің қатарына - құпия цензура саясатын жүргізу жатады. Цензура органы өзінің тәжірбиесінде - әкімшілік және сот арқылы қуғындау, екіншісі - тиімді идеологиялық қысым ету арқылы әсер ету [9, 3-п.] ісін жиі қолданып отырған. Яғни цензураның міндеті билік қылмысты деп тапқан ақпараттар мен ойлардың кең таралып кетуіне жол бермеу болды [10]. Бұл жөнінде А.И. Рейтблат: «цензура – бұл жай ғана қадағалау емес, ол биліктің баспадан жарыққа шығарылатын бүкіл өнімдерінің мазмұнына қадағалау орнату болып табылады» [11], – деп орынды атап өтеді.

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, цензорлар саяси-идеологиялық бақылау жүргізуде партия шешімдеріне орай өңделіп, толықтырылып отыратын нұсқаулар мен бұйрықтарды және литерлерді басшылыққа алып отырған.

Мысалға, цензура мекемелерінің қызметкерлері кітапханалар мен кітап сауда дүкендеріндегі тексерісті әр жылдары әртүрлі нөмірмен шыққан бұйрықтар негізінде жүргізіп отырған [12, 177-п.]. Мысалы, 1940 жылдың өзінде кітапханалар мен кітап дүкендерін саяси зиянды және ескірген әдебиеттерден тазалау ісінде орталық Главлиттің өзі 75 бұйрық шығарып, оған 362 автордың шығармалары мен одан бөлек 3700 кітап атауы тіркелген. Соған қарамай, кейбір аймақтарда осы бұйрықтарға еңбеген кітаптар да қолданыстан алынып кетіп отырған

[13, 87, 91-пп.]. Қазақстан аумағында зиянды деп табылған әдебиеттерді қолданыстан алу ісі РКФСР Главлиті мен ҚазКСР Главлитінің бұйрықтарына сай жүргізіліп отырған [14, 319-п.]. Тек 1939 жылдың өзінде КСРО Главлиті мен ҚазГлавлиттің баспа ісінде жариялауға болмайтын құпия мәліметтерге қатысты 197 беттен тұратын бұйрықтар мен циркулярлары болған [15, 2-п.].

Мұрағаттарда сақталған Главлиттің құжаттарымен танысу барысында, тізімдер, циркуляр, бұйрықтар бойынша саяси-идеологиялық бұрмалау, саяси бұрмалау, әскери және мемлекеттік құпияның жариялану жөнінде жасалған есептердің негізі газет-журналдар мен радио хабарларда жасалған жөндеулер мен жіберілген қателіктер жөніндегі мәліметтерге байланысты көп жүргізілгенін көруге болады [14, 311-315-пп.]. Мұнан біз мерзімді баспасөздің қатаң қадағалауда болғанын байқаймыз.

Негізінен ҚазГлавлиттің жылдық жоспарының өзін КСРО Главлиті бекітіп отырғандығы. Себебі цензура органдарының өздеріне де арнайы цензорлық нұсқаулармен қатар, соғыс жағдайын сай немесе бейбіт өмірге арналған тізімдермен жұмыстар жасаған [14, 319-п.].

Өйткені уақыты өткен тізімдер мен нұсқауларды араға жылдар салып қайта өңдеп, толықтырып, қажетті мекемелердің айтқан ұсыныстарын назарға алып қайта жариялап отырған. Мысалға: 1948 жылы қабылданған «Шетел әдебиеттерін сақтау мен қолдану жөніндегі нұсқау», «Кеңес Одағының кітапханаларындағы арнайы қорлардағы кітаптар жөніндегі нұсқаулар» 1951 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің 5-басқармасымен келісе отырып, қайта басып шығарылған [16]. Және «Правда» газетінде жарияланған «Қазақстан тарихы сұрақтарын маркстік-лениндік тұрғыдан баяндау» деген мақалада аталып өткен дәрекі саяси қателіктердің орнын толтыру үшін ҚК(б)П ОК бюросының қаулысына сай, баспа бетінен шығатын шығармаларда саяси және идеологиялық қадағалауды күшейту мақсатында №12/Қ (14/IV.51 ж.) және №28/Қ бұйрықтары шыққан. № 12/Қ бұйрығы бойынша белгілі ғалым Е. Бекмахановтың «XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан» деген монографиясы саяси жағынан зиянды және буржуазиялық-ұлтшылдық идеясын насихаттау деп қолданыстан алынып, тарихқа қатысты бүкіл әдебиеттер мұқият тексеріске түседі. Ал №28/Қ бұйрығы негізінен цензорлардың жіберген қателіктерін алдағы уақытта болдырмау мақсатында, жарияланатын әрбір әдебиетке сын-пікір, тұжырым, Ғылыми кеңестің ұсынысы т.б. құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда ғана, цензорлар жариялауға рұқсат беретінін атап өткен [17, 178-п.]. Негізінен осы ҚК(б)П ОК-ның 1951 ж. 10 сәуірде «Қазақстан тарихы сұрақтарын маркстік-лениндік тұрғыдан баяндау» және «Республиканың партия органдарында идеологиялық жұмыстың жағдайын жақсартуға» арналған пленум шешімдеріне орай ҚазГлавлит 10 бұйрық шығарып, 70-тен астам кітап атауын қолданыстан алған [17, 210-п.].

Кітапханалар мен кітап сауда дүкендерін тексеретін «Алфавиттік тізім» болған. Осындай тізім КСРО бойынша орталық Главлитте жасалып, олардың қай елден, қандай бұйрық бойынша алынғаны жөнінде мәліметтермен қатар, егер ақталған болса, жоғарғы жағына «ақталған» деп жазып қойып отырған. Осындай бір тізімде қазақ зиялыларының есімдері тіркелген [18]. Сондай-ақ кітаптар каталогын өңдеуде Главлиттің нұсқаулары бойынша контрреволюциялық авторлардың есімдері аталатын кітаптардың карточкалары алынып тасталып, ал кітаптардың өздерін арнайы сақтау қоймасына жіберіп отырған [19].

Негізінен зиянды деп табылған авторлар анықталғаннан кейін, олардың еңбектері «Тізімдер жинағына» (Сводный список – авт.) енгізіледі. Кей жағдайда, мұндай тізімге әдебиетке қатысы жоқ, жергілікті авторлардың кітапшалары да еніп кетіп отырған [20]. Мұрағатта сақталған Қазглавлиттің қорындағы [21] бұйрықтар мен циркулярлармен танысу барасында, 1930 жылдардан бастау алған «Кітапханалар мен кітап сауда жүйелерінен алынып тасталуы тиіс тізімдердің» жиі кездесуі, кітапхана ісінің толықтай мемлекет қадағалауында болып, әсіресе, жаппай қуғын-сүргін жылдарында жаппай «библиоцидке» ұласқанын анық байқаға болады.

Бұл жөнінде Кеңестік цензура тарихын зерттеген ғалым А.В. Блюм өз зерттеуінде: «библиоцид» терминіні геноцид терминінің ұқсастығына қарай құрылған дейді [22, с. 94].

Жалпы 1938 жылдан бастап зиянды деп танылған, қолданыстан алынатын әрбір әдебиетке арналған бұйрықтар мен өкімдерге қоса, олардың авторлары жөнінде толық мәлімет берілу керек болған. Тыйым салынған әдебиеттер көрсеткішін құрайтын мұндай тізімде кеңес билігінің уақытында 300-400 бетті құрап, 10 000-дай атауды топтастыратын болған [23, 2, 5-бб.].

Оның себебі, 1937-1938 жылдары цензура қатаң сипат алып, қандайда болмасын еркін ой білдіргендер қуғын-сүргінге түсіп, тоталитарлы сипат алады. Цензураны басынан өткізген редакторлар, журналистер, жазушылардың барлығы қуғын-сүргінге тап болады. Көптеген танымал публицистер тұтқындалып, ал редакциялық алқалар тобы саяси тазартуға ұшыраған.

ҚК(б)П ОК-нің 1938 жылдың 28 мамырындағы «Жаулық сипаттағы әдебиеттерді қолданыстан алу» жөніндегі қаулысына орай, кітапханалардың кітап сақтау қорлары мен кітап сауда жүйелерінен 97 әдебиет атауы қолданыстан алынады. Жау авторлар қатарында – Асфендияров, Әлібаев, Қоңыратбаев, Жансүгіров, Тоғжанов, Жүргенов, Құлымбетов, Нұрмақов, Майлин, Сейфуллин, Шанонов және т.б. болған» [24, 7-б].

Сталин дүниеден қайтқаннан кейін, қоғамдық-саяси салада орын алған өзгерістерге байланысты, кезінде «Тізімдер жинағына» еніп, зиянды деп табылған бірқатар авторлардың еңбектері қайтадан көпшілік қолданысана беріле бастаған [25, 5-7-пп.]. Алайда, осы «ақталған» кітаптардың мазмұнынан саяси қуғынға ұшыраған, 50-жылдары әлі ақталмаған зиялылардың шығармалары мен хандық дәуірге қатысты мәліметтерді қамтыған беттерді жойып, содан кейін ғана көпшілік қолданысына берген [25, 8-13-пп.].

«Ескірген басылымдардың библиографиялық көрсеткіші» деген атпен бекітілген бұйрықтар бойынша да әдебиеттерді қолданыстан алып отырған. Осындай тізімдердің ішінде: Х. Айдаровтың «Шоқан Уәлиханов», Омаров пен Панкратовалардың редакциялығымен жарияланған «ҚазКСР тарихы» сынды т.б. еңбектері болған [6, 183-п.].

Қорыта айтқанда, мемлекеттік идеологияны жүзеге асырушы, яғни цензуралық қадағалауды жүзеге асырған – Главлит атты мекеме, қоғамда жарияланатын барлық қоғамдық-саяси және әлеуметтік саладағы бүкіл әдебиеттерді партияның шешімдеріне орай қабылданған нұсқаулар негізінен шығара отырып, баспа ісін, кітапханалар мен сауда орындарын қадағалауды жүзеге асыруда, «құпия» және «өте құпия» деген арнайы белгілері бар нұсқаулары мен бұйрықтары негізінде қоғамда орын алатын «жат ойлардан» тазартып отырған арнайы мекеме болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОММ. 1740-қ., 3-т., 10-іс, 36-п.
2. Создание Главлита // <http://analizators.ru> – 20.09.2013.
3. Охрана государственной тайны // <http://analizators.ru> – 19.09.2013
4. Об утверждении перечня сведений, являющихся по своему содержанию специально охраняемой государственной тайной // Основные дерективы и законодательство о Печати. Систематически сборник. / Сост.: Л.Г. Фогелевич. 6-изд. – М.: ОГИЗ, 1937. – 308 с.
5. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 6-іс, 94-п.
6. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 850-іс, 199-п.
7. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 513-іс, 52-п.
8. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 2-іс, 54-п.
9. ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 557-іс, 112-п.
10. Якимович Ю. Мир печати: популярный иллюстрированный словарь – справочник. – М.: Аспект Пресс, 2001. – 195 с.

11. Андреев Г.П. Цензура в царской России и Советском Союзе //Материалы конференции 24-27 мая 1993г. Москва /под ред. Т.В. Громова. –М., 1995. – С. 28-36.
12. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 634-іс, 177-п.
13. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 5-іс, 91-п.
14. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 526-іс, 360-п.
15. ҚР ОММ. 1740-қ., 3-т., 26-іс, 42-п.
16. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 789-іс, 31-п.
17. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 794-іс, 210-п.
18. РФ ММ. 9425-қ., 1-т., 31-іс, 81-п.
19. ҚР ОММ. 1781-қ., 1-т., 78-іс, 32-п.
20. Постановление Оргбюро ЦК ВКП (б) № 65. от 9 декабря 1937 г «О ликвидации вредительской системы изъятия Главлитом литературы» // Власть и художественная интеллигенция. Документы ЦК РКП(б)-ВКП (б), ВЧК-ОГПУ-НКВД о культурной политике. 1917-1953 гг. / Сост.: А. Артизов и О. Наумов. – М., 2002. – 872 с.
21. ҚР ОММ. 1740-қ., 1-2-3-тт.
22. Блюм А.В. Советская цензура в эпоху тотального террора 1929-1953. - С.-Петербург: «Академический проект», 2000. – 312 с.
- 23.Блюм А.В. Запрещенные книги русских писателей и литературоведов. 1917-1991. Индекс Советской цензуры с комментариями. – СПб, 2003. – 404 с.
24. Гали А. О цензуре, самоцензуре и главным образом о ней // Казахская правда. – 2002. – 10 апрель. № 4. – С. 7.
25. ҚР ОММ. 1740-қ., 1-т., 26-іс, 34-п.

МАЗМҰНЫ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. XIX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНА ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ	6
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	14
Жеңіс Ж., Нәлібаева С.М. “ШАХНАМА” ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАНДЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ АГРАРЛЫҚ-ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ	35
Кожанов К.Б. РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ ГЕОСАЯСАТЫНДАҒЫ АУҒАНСТАН (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	39
Күлсариева С.П. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТАҒЫ ЕРТЕ ПАЛЕОЛИТ АРТЕФАКТТАРЫ	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Түлебаев Т.А. «ОЙРАТ» ЭТНОНИМІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН	64
Орынбаева Г.Ү. АРИДТЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (19-ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЖ. – 20-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	74
Оспанов Н. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН	96
Жанымхан О. ҚЫТАЙДЫҢ XIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯХАТНАМАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР	104
Рустем К., Сарыбаев М. ГЛАВЛИТ НҮСҚАУЛАРЫ – КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЦЕНЗУРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	120

Сарыбаев М.С.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ КҮРДТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА
ЖЕР АУДАРЫЛУЫ (ҰОС 70 ЖЫЛДЫҒЫНА)141

Шалекенов М.У.

ХІХ-ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ150

СОДЕРЖАНИЕ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. ЗАСЕЛЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП НА ТЕРРИТОРИЮ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В I ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА	6
Атыгаев Н.Ә. К ВОПРОСУ О ТРАКТОВКЕ ПРЕДЫСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	14
Жеңіс Ж., Налибаева С.М. МИРОВОЗЗРЕНИЕ ТУРАНЦЕВ В ЭПОСЕ «ШАХНАМЕ»	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. АГРАРНО-КОЛОНИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА	35
Кожанов К.Б. АФГАНИСТАН В ГЕОПОЛИТИКЕ РОССИИ И БРИТАНИИ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)	39
Күлсариева С.П. АРТЕФАКТЫ РАННЕГО ПАЛЕОЛИТА В АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. ИСТОРИОГРАФИЯ ЭТНОНИМА «ОЙРАТ»	64
Орынбаева Г.Ү. ОСОБЕННОСТИ КОЧЕВОГО И ПОЛУКОЧЕВОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ АРИДНЫХ ЗОН (80-Е ГГ. XIX– НАЧАЛО XX В.)	74
Оспанов Н. ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ	96
Жанымхан О. ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ТРУДАХ XIII ВЕКА	104
Рустем К., Сарыбаев М. ИНСТРУКЦИИ ГЛАВЛИТ – КАК ИСТОЧНИК КОНТРОЛЯ НАД ЦЕНЗУРОЙ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ	120

Сарыбаев М.С.

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЕВРОПЫ
В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ДЕПОРТАЦИЯ КУРДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗССР ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (К 70-летию ВОВ)141

Шалекенов М.У.

ЖИВОТНОВОДСТВО КАРАКАЛПАКИИ В XIX - НАЧАЛЕ XX вв150

CONTENTS

Atantayeva B.Zh., Bekbayeva A.E. SETTLEMENT OF ETHNIC GROUPS IN THE TERRITORY OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE 19th CENTURY	6
Atygayev N.A. ON THE INTERPRETATION OF THE PREHISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH KHANATE	14
Zhenis Zh., Nalibayeva S.M. THE WORLDVIEW OF THE TURANIANS IN THE EPIC “SHAHNAMEH”	28
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T. THE AGRARIAN-COLONIAL POLICY OF TSARIST RUSSIA IN THE SEMIRECHYE REGION IN THE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES	35
Kozhanov K.B. AFGHANISTAN IN THE GEOPOLITICS OF RUSSIA AND BRITAIN (END OF THE XIX AND EARLY XX CENTURY).....	39
Kulsariyeva S.P. ARTIFACTS OF EARLY PALEOLITHIC COLLECTION OF CENTRAL STEPPE MUSEUM OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	50
Kurmankulov Zh., Utubayev Zh.R. ANCIENT MONUMENTS OF THE LOWER SYRDARYA	56
Kurmanalina N.N., Tulebaev T.A. HISTORIOGRAPHY OF THE ‘OYRAT’ ETHNONYM	64
Orynbayeva G.U. FEATURES OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC ECONOMY OF THE KAZAKHS OF ARID ZONES (THE 80th OF XIX – EARLY OF THE XX CENTURY)	74
Ospanov N. FROM THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS	96
Zhanymkhan O. CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORY IN CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS OF THE THIRTEENTH CENTURY	104
Rustem K., Sarybayev M. GLAVLIT GUIDELINES - AS A BASIC SOURCE FOR THE CONTROL OF CENSORSHIP IN THE SOVIET SOCIETY	120

Sarybayev M.S.

KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH EUROPEAN
COUNTRIES IN ENERGY SPHERE126

Tolenova Z.M.

D.A. KUNAYEV AND THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN133

Khinkov-Aitbayeva N.B.

THE DEPORTATION OF KURDS TO THE TERRITORY OF Kaz.SSR DURING
THE SECOND WORLD WAR141

Shalekenov M.U.

CATTLE-BREEDING IN KARAKALPAKSTAN IN THE XIX – EARLY XX CENTURIES150

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-ү